На железорудных карьерах с большой мощностью покрывающих пород рыхлой вскрыши (до 160 м) их борта в верхней зоне более пологие в связи с оставлением широких транспортных берм. Поэтому уже на стадии проектирования предусматривался большой разнос бортов на верхних уступах карьеров. По мере углубки карьеров с переходом на комбинированный автомобильно-железнодорожный транспорт регулирование расстоянием транспортирования автотранспорта достигалось понижением горизонтов перегрузки пород скальной вскрыши и руды. Для этого постоянно приходилось разносить борта карьера по мягкой вскрыше. Однако дальнейшее заведение железнодорожных путей на нижние горизонты приводит к усложнению конструкции путевого транспортного развития, что снижает производительность локомотивосоставов и приводит к увеличению удельных затрат на железнодорожные услуги.

В 2011г. на карьере «Мурунтау» осуществлен пуск в эксплуатацию крутонаклонного конвейера КНК-270 с прижимной лентой. По высоте подъема, производительности, условиям эксплуатации ему нет аналогов в мире. Первоначально заявленная годовая проектная мощность в 16 млн. т руды снижена до 13 млн. т (уменьшена на 18,8%) [2]. Фактические годовые объемы за первые четыре года эксплуатации не превышали 10,7 млн. т. Коэффициент освоения проектной мощности комплекса составил в среднем 82%, фактически – 67%. Следует отметить, что у посетившей карьер «Мурунтау» группы специалистов с Казахстана остались только положительные отзывы по работе КНК-270 и его влияния на остальные технологические процессы.

Основным параметром конвейерного транспорта, наиболее существенно влияющего на стоимость ведения горных работ, является угол наклона конвейерного става [3]. Для определения рациональной величины уклона трассы, были построены кривые, отражающие зависимость годовых расходов на амортизацию основных фондов (Рисунок 1), текущих затрат (Рисунок 2) и металлоемкости установки от высоты подъема горной массы (Рисунок 3). Экономические показатели приняты на основании опыта проектирования и строительства крутонаклонных конвейеров фирмы Dos Santos Internationali (США) [4].

Кривые на рисунке 1 представляют из себя выпуклые квадратичные функции, которые существуют в первом координатном угле, так как, сумма расходов на амортизацию и высота подъема являются величинами положительными. Уравнения функций $A = f(H)$ для углов уклона 15°, 30° и 45° соответственно имеют вид:


$$A_{15} = 0{,}0034\,H^2 + 0{,}18\,H + 3{,}94, \text{ млн. USD}, \quad (1)$$

$$A_{30} = 0{,}0019\,H^2 + 0{,}21\,H + 4{,}18, \text{ млн. USD}, \quad (2)$$

$$A_{45} = 0{,}0004\,H^2 + 0{,}23\,H + 4{,}41, \text{ млн. USD}, \quad (3)$$

где H – высота подъема горных пород, м.

Из графиков на рисунке 1 видно, что при высоте подъема 20-27 м годовые амортизационные отчисления при эксплуатации конвейеров под углом наклона 45 градусов превышают затраты на эксплуатацию конвейеров под углом 15 градусов. Однако, начиная с 27 м применение крутонаклонных конвейеров экономически целесообразнее.



1, 2, 3 – соответственно с углом наклона подъемного конвейера 15, 30 и 45 градусов


Рисунок 1 - Динамика роста суммы амортизации капитальных затрат с увеличением высоты подъема горной массы при эксплуатации конвейерного транспорта с различным углом наклона трассы

Кривые на рисунке 2 представляют из себя вогнутые квадратичные функции, которые существуют в первом координатном угле, так как, величина текущих затрат и высота подъема являются величинами положительными. Уравнения функций $З = f(H)$ для углов уклона 15°, 30° и 45° соответственно имеют вид:

$$З_{15} = -0{,}0002\,H^2 + 0{,}12\,H + 2, \text{ млн. USD}, \quad (4)$$

$$З_{30} = -0{,}0003\,H^2 + 0{,}13\,H + 2{,}6, \text{ млн. USD}, \quad (5)$$

$$З_{45} = -0{,}0004\,H^2 + 0{,}15\,H + 3{,}15, \text{ млн. USD}. \quad (6)$$



1, 2, 3 – соответственно с углом наклона подъемного конвейера 15, 30 и 45 градусов

Рисунок 2 - Динамика роста суммы текущих затрат с увеличением высоты подъема горной массы при эксплуатации конвейерного транспорта с различным углом наклона трассы

Из графиков на рисунке 2 видно, что при высоте подъема до 150 м годовые эксплуатационные затраты при использовании конвейеров под углом наклона 45 градусов превышают затраты на эксплуатацию конвейеров под углом 15 градусов. Однако, начиная со 150 м применение крутонаклонных конвейеров экономически целесообразнее.


Кривые на рисунке 3 представляют из себя выпуклые квадратичные функции, которые существуют в первом координатном угле, так как масса конвейерной установки и высота подъема являются величинами положительными. Уравнения функций $m = f(H)$ для углов уклона 15°, 30° и 45° соответственно имеют вид:

$$m_{15} = 0{,}07\,H^2 + 0{,}31\,H + 43{,}8, \text{ млн. USD}, \quad (7)$$

$$m_{30} = 0{,}04\,H^2 + 0{,}64\,H + 28, \text{ млн. USD}, \quad (8)$$

$$m_{45} = 0{,}008\,H^2 + 1{,}6\,H + 12{,}24, \text{ млн. USD}. \quad (9)$$

Из графиков на рисунке 3 видно, что металлоемкость крутонаклонных конвейеров ниже, чем наклонных. Это объясняется тем, что за счет большего угла наклона конвейерного става достигается меньшая длина конвейерной галереи.



1, 2, 3 – соответственно с углом наклона подъемного конвейера 15, 30 и 45 градусов

Рисунок 3 - Динамика роста металлоемкости конвейерной установки с увеличением высоты подъема горной массы при эксплуатации конвейерного транспорта с разичным углом наклона трассы

Установленные зависимости затрат на эксплуатацию крутонаклонных подъемников от высоты подъема указывают на рост капитальных и текущих затрат с увеличением расстояния транспортирования горной массы, а также на снижение капитальных затрат с возрастанием угла наклона за счет уменьшения металлоемкости конструкции.

Выводы: Обоснованы границы применения крутонаклонных конвейеров при переходе в глубоких карьерах на комбинированный автомобильно-конвейерный вид транспорта. Отличительной особенностью крутонаклонных конвейеров от наклонных является минимальный объем горно-капитальных работ для размещения их на крутых бортах карьеров, представленных крепкими скальными породами. В результате выполненных исследований доказано, что с высоты подъема более 150 м крутонаклонные конвейера с углом наклона 45 градусов экономичнее наклонных конвейеров с углом наклона 15 градусов. Также показано, что по сравнению с наклонными конвейерами масса крутонаклонных конвейеров уменьшается.

Литература

1 Kuzmenko S., Kaluzhnyi Ye., Moldabayev S., Shustov O., Adamchuk A., Toktarov A. Optimization of the position of the complexes of cyclic-flow technology in the refinement of deep iron ore quarries // Mining of Mineral Deposits, 2019. - Volume 13. - Issue 3. - pp. 104-112. https://doi.org/10.33271/mining13.03.104.

2 Алдабаев Г., Шелепов В. Циклично-поточная технология ЦПТ с крутонаклонным конвейером. Электронный ресурс: ao-constar.com.ua/doc/cpt-ruda.pdf.

3 Четверик М: Циклично-поточная технология на глубоких карьерах. Перспективы развития: Монография. Кривой Рог: Дионис (ФЛ-П Чернявский Д.А.), 2012. 356 с.

4 Dos Santos J. A: The Cost and Value of High Angle Conveying. 2012 (D. Stephan, Ed.). Retrieved from https://www.process-worldwide.com/the-cost-and-value-of-high-angle-conveying-2012-a-387531/.

Н.О. Сарыбаев., А.А. Тоқтаров., Б.А. Базарбай., С.К. Молдабаев

Көліктің аралас түрлерін тиімді қолдану шекарасын моделдеу

Аңдатпа. Крутонаклонды конвейерлерді және конвейерден думпкарларға қайта тиеу горизонтын ауыстырудың экономикалық мақсатқа сай қадамымен бірге темір жол көлігін енгізудің ұтымды тереңдігін қамтамасыз ететін дөңгелек пішінді карьерлік алаңдарға арналған көліктің құрамдастырылған автомобиль-

конвейерлік-темір жол түрімен циклді-ағынды технология кешенін (ЦПТ) қайта тиеу горизонтын оңтайландырудың динамикалық әдісі әзірленді.

Түйінді сөздер: терең карьер, дөңгелек пішінді Карьер алаңы, көліктің аралас түрі, крутонаклонды конвейер, динамикалық экономикалық-математикалық модель.

N. O. Sarybaev., A. A. Toktarov., B. A. Bazarbay., S. K. Moldabaev

Simulation of the boundaries of the effective use of combined modes of transport

Annatation. A dynamic method of optimization of the overload horizon of the complex of cyclic-flow technology (CPT) with a combined road-conveyor-rail mode of transport for quarry fields of round shape, providing a rational depth of input of railway transport together with an economically feasible step of transfer of steeply inclined conveyors and the overload horizon from the conveyor to dump cars.

Key words: deep quarry, round-shaped quarry field, combined mode of transport, steeply inclined conveyor, dynamic economic and mathematical model.

УДК 528(091); 36.01.11

З.К. Сарсембекова – 2 курс докторанты,
Ғылыми жетекшісі - Т.П. Пентаев – техн.ғылым.докторы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы
Sarsembekovazeynep@gmail.com

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕР ТӨСЕМІ ҚҰРЫЛЫСЫН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Андатпа. *Мақалада автомобиль жолдарын жобалауда жолдардың жер төсемі құрылысын жүргізу барысында геодезиялық қамтамасыз етудің бірнеше әдістері мен сұлбалары келтірілген. Сондай-ақ жер төсемі конструкциясының жол салынатын аумақтың климаттық, гидрологиялық сондай-ақ жердің бедері мен топырақтық-геологиялық құрлымы мен табиғи геофизикалық факторлардың әсеріне байланысты тұрғызылатыны жайында жазылған. Сонымен қатар геодезия саласының автомобиль жол құрылысын жобалауда, салуда, қайта қалпына келтіруде геодезиялық өлшеулермен қамтамасыз етіп отыруының ерекшеліктеріне тоқталған.*


Түйін сөздер: *Автомобиль жолдары, жер төсемі, жол төсемі, бойлық және көлденең профиль.*

Жер төсемі автомобиль жолының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Оның құрылысының жай-күйі жолды пайдаланудағы эксплуатациялық сапасына үлкен әсерін тигізеді.

Жер төсемін салу жол жұмыстарының жалпы кешеніндегі құрылыс процестерінің бірі ғана болып табылады. Жер төсемінде жоғарғы (жұмыс қабаты) және төменгі бөліктер (үйінді мен ойықтың негізі) болады. Жоғарғы бөлігі жол қабатының төменгі жағынан бастап қату тереңдігінің 2/3 құрайды бірақ ол кемінде 1,5 м болуы тиіс [1].

Үйіндінің немесе ойықтың негізі жұмыс қабатының төменгі шекарасындағы жер төсемінің бөлігін құрайды.

Жер төсемінің конструкциялары салынатын жолдың санатына, жол төселімдерінің типіне, жол-климаттық аймақты ескере отырып, жергілікті жердің табиғи жағдайына байланысты жер үсті суларының ағысы мен ылғалдану дәрежісіне байланысты тағайындалады. Үйінді жер төсемінің негізгі элементтері 1-суретте көрсетілген [2].



1 –сурет. Жер төсемінің элементтері: а – үйінділер; б – ойықтар; 1 – Үйінділер негізі –табиғи топырақ қалыңдығы шегінде үйінді астында орналасқан аймақ; 2 – Жұмыс қабаты (Жер төсемінің жоғарғы қабаты) – мұздану тереңдігінің 2/3 тең, бірақ 1,5 м кем емес төменнен тереңдігі бойынша шектелген аймақ;3 – жол жиектері; 4 – Жол төселімдері; 5 – Құлама бөлігі – – үйінділердің немесе ойықтардың жиектері арқылы өтетін, ал төменгі жағында-үйіндінің немесе ойықтардың негізімен өтетін еңістердің беті мен тігінен шектелген аймақтар;; 6 – үйінді өзегі – жұмыс қабатынан төмен орналасқан және төменгі жағынан үйіндінің негізімен шектелген, ал бүйірінен-үйіндінің жиектері арқылы тігінен өтетін аймақ; 1′ - үйінділер негізі.

Негізінде, кейбір жағдайларда жер төсемінің типтік пішіндерін (профильдерін) пайдалануға болмайды, сондықтан оларды тұрақтылық пен шөгуге тексеру арқылы жеке жобаланады.

Жер төсемін салу кезіндегі жұмыс көлемі жер төсемінің конструкциясына, жер бедеріне, топырақ типіне және басқа да жергілікті жердің жағдайына байланысты жүргізіледі.

Жазық жерлерде автомобиль жолдарының жер төсемінің үйінділері төмен болады. Мұндай үйінділер (қолайлы болған жағдайда) бүйірлік резервтерде әзірленетін топырақты көлденең ауыстыру жолымен жиі орнатылады.

Төбелі жерлерде жер төсемінің үйінділері едәуір биік болады. Мұндай үйінділер негізінен топырақты бойлай ауыстыру жолымен және бүйірлік резервтегі топырақты салумен жасалынады. Қазу-жер жұмыстарының жалпы көлемінің шамамен 10% - ын алады[3].

Ендігі кезекте жер төсемінде яғни автомобиль жолдарын салу барысында жүргізілетін геодезиялық жұмыстарға тоқтала кететін болсақ, негізінен геодезиялық өлшеу жұмыстары сол аймақтың деректерін жинау, бақылау, алаңның химиялық қасиеттерін зерттеу дайындық және камералдық кезеңдерде орындалуы тиіс.

Жол құрылыс алаңында геодезиялық ізденістер кешені үш үлкен операциялардан тұрады.


1. Алдын ала қорытындылар (трассаның базалық белгілерін нақты шығару, осьтерді бекіту, жолдың бекітілген осьтері негізінде құрылыс операцияларының көлемін бағалау, нақты ландшафттық элементтердің жобалау, жинақталған ақпаратты ескере отырып, жобалық схемаларды әзірлеу және т. б.).

2. Жолдың кәсіби сараптамасы (жол төсемі үшін "шөгінді" ықтималдылығын бағалау жөніндегі геодезиялық жұмыстар, топырақтың беріктілік дәрежесі бойынша деректерді жинау және оның шөгу ықтималдығын есептеу, табиғи факторлардың әсерінен жол төсемінің деформациясы болжамдарын құру).

3. Есептеулер жүргізу үшін топотүсіртерді орындау, қорытынды құжаттарды жасау, материалдарды таңдау негіздемесі құру. Яғни негізгі элементтерді барынша егжей-тегжейлі

көрсете отырып, топографиялық түсіруді, схемалар мен карталарды, топографиялық жоспарларды әзірлеуді қамту.

Жер төсемі бойынша геодезиялық орындау түсірілімдері жүргізіледі. Бойлық осьті геодезиялық аспаппен қалпына келтіреді және әрбір пикетте қабаттың, жиектің енін, сондай-ақ еңістердің құламасын тексереді. Бақылау нивелирлеу әдісімен жүргізеді және барлық пикеттер мен бойлық профильдің сынықтарында ось пен жолдың екі қабаты бойынша белгі тексереді.



Үйінді салу мен қазуды әзірлеу кезінде бөлу жұмыстарын ұйымдастыру схемасы:
1 – үйінді биіктігі; 2-кесу биіктігі;3 – өстік геодезиялық белгі ; 4-жер төсемінің су бұруын белгілеу (кюветтің түбі); 5 – үйінді енінің белгісі;8 - жер төсемі табанының және үйінді еңісінің белгіленуі

Бөлу жұмыстары аяқталғаннан кейін, құрылыс үшін геодезиялық бөлу жұмыстарын жүргізу туралы акт ресімделеді, бұл құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру болып табылады. Жер жұмыстарын жүргізу кезінде бөлу жұмыстарының геодезиялық белгілерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануы тиіс. Жұмыс барысында бүлінген барлық белгілер дереу қалпына келтірілуі тиіс [4].

Барлық пикеттік нүктелерді және тұрақты және уақытша репердердің барлық желісін бақылау нивелирлеуімен қамтамасыз етілуі керек. Трассада жер жұмыстарын жүргізу шегінен тыс биіктікті белгілерді бекіту үшін қосымша уақытша реперлер орнатылады. Уақытша нивелирлік реперлер кемінде 500 м сайын орналасуы тиіс. Уақытша нивелирлік реперлерді техникалық нивелирлеумен анықтау дәлдігі $\pm 50\sqrt{L}$ мм аспауы тиіс, мұндағы L-нивелирлік жүріс ұзындығы км.

Қорытынды

Геодезия-бұл кез келген деңгейдегі қауіпсіз автомобиль жолдары құрылысын жобалауда, салуда жоғары деңгейде өлшеулер жүргізетін атаулы ғылымдардың бірі. Жол құрылысы тәжірибесінде Геодезия үлкен рөлі атқарады. Яғни талдау жасау барысында биіктік негіздеуді құру барысында геометриялық нивелирлеу жолдың жобасын жобалауда экономикалық жағынан тиімді екенін, жол сапасын арттырудада мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер

1. Возведение земляного полотна автомобильных дорог: Першин М. Н., Артюхина Г. И. / учеб. пособие СПбГАСУ. – СПб., 2007. –120 с.
2. Т.В. Гавриленко, сайт http://road-project.okis.ru 2014-11-07
3. *Водно-тепловой режим* земляного полотна и дорожных одежд / под ред. И.А. Золотаря, Н.А. Пузакова, В.М. Сиденко. – М. : Транспорт, 1971. – 416 с.
4. http://ismeta.online/db/n/317867/11837/

Literature

1. The construction of subgrade of roads: Pershin, M. N., G. I. artyukhina / proc. spbgasu manual. – SPb., 2007. -120 p.
2. T. V. Gavrilenko, website http://road-project.okis.ru 2014-11-07
3. Water-heat mode of the subgrade and pavement construction / edited by I. A. Zolotar, N. A. Puzakova, V. M. Sidenko. - Moscow: Transport, 1971. – 416 p.
4. http://ismeta.online/db/n/317867/11837/

З.К. Сарсембекова., Т.П.Пентаев

Геодезическое обеспечение строительства земляного полотна Автомобильных дорог

Аннотация. В статье приведены несколько методов и схем геодезического обеспечения при проектировании автомобильных дорог при строительстве земляного полотна дорог. Также написано, что конструкции земляного полотна строятся в зависимости от климатических, гидрологических, а также воздействия рельефа и топропрочно-геологических структур и природных геофизических факторов на придорожной территории. Кроме того, в статье говорится об особенностях обеспечения геодезическими измерениями в области геодезии при проектировании, строительстве, реконструкции автомобильных дорог.

Ключевые слова: Автомобильные дороги, земляное полотно, дорожное одежда, продольная и поперечная профиль.

Z. K Sarsembekova., T.P. Pantev

Geodesic support of construction of subgrade of roads

Abstract. The article presents several methods and schemes of geodesic support in the design of highways in the construction of the roadbed. It is also written that the construction of the roadbed is built depending on the climate, hydrological, as well as the impact of terrain and topoprochno-geological structures and natural geophysical factors on the roadside territory. In addition, the article describes the features of providing geodetic measurements in the field of geodesy in the design, construction, reconstruction of highways.

Keywords: Highways, roadbed, road clothing, longitudinal and transverse profiles.

УДК 622.1

М.А. Таңірбергенова – 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі - Г.М. Қырғызбаева - техн.ғыл. канд., доцент
кафедра Маркшейдер ісі және геодезия
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ.
madina.tanirbergenova.98@mail.ru

ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГТЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Аңдатпа: *Қазіргі таңда кен орындарын игеру өте күрделі тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық, тектоникалық жағдайларда жүзеге асырылуда. Мұндай жағдайда жер қойнауында геомеханикалық процесстер туындайды. Мақалада осындай кен орындарын игеру кезіндегі тау жыныстары мен карьер беткейлерінің орнықтылығын мониторингтеудің инновациялық әдістерін өндіріске енгізу мысалдары келтірілген.*

Түйін сөздер: *ашық тау-кен жұмыстары, карьер беткейі, орнықтылық, геотехникалық мониторинг, инновациялық әдістер, сканер, радар.*

Қазақстан Республикасы әлемдік минералдық-шикізат теңгерімінде елеулі орын иеленеді. Бүгінде елімізде кен игерудің 80% ашық әдіспен жүргізілетіндігі және де ол карьерлерде алдыңғы қатарлы автоматтандырылған механизмдерді пайдаланып кен-қазу жұмыстарының қарышты дамығандығы, кеніштердің тереңдігінің ұлғая түскендігі де белгілі. Осы себептен карьер беткейлері тау жыныстарының жаппай жылжуы, жер бетінің опырылуы немесе құлауы өндірістің экономикалық және еңбек көрсеткіштерінің төмендеуіне және де өндіріс жұмысының тоқтауына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан ашық тау-кен жұмыстарының одан әрі дамуы жер бетінде болып жатқан геомеханикалық процестерді тұрақты бақылауды талап етеді.

Карьерлер беткейлерінің жағдайын жүйелі аспаптық бақылау олардың орнықтылығын зерттеудің негізгі әдістерінің бірі болып табылады және үлкен практикалық, ғылыми маңызға ие. Практикалық мәні бақылау нәтижелері карьер беткейлерінің тұрақты жай-күйін сипаттау үшін бастапқы мәлімет ретінде пайдаланылады, олардың негізінде карьердің беткейіне қатысты деформациялық процестердің өту сипаты зерттеледі, тиісті болжамдар жасалынып, орнықтылықты арттыру бойынша ұсыныстар жасалынады. Ғылыми мәні беткей орнықтылығын мониторингтеу бақылау әдісін нақтылауға мүмкіндік береді.[1]

Кенорнын игеру кезінде карьер қиябетерінің орнықтылығына әсер ететін көптеген факторлар белгілі болады және де оларға қарсы шаралар қолданылады. Карьер тереңдігінің артуы – беткей тау жыныстарының кернеулік-деформациялық күйге келтіріп, қиябеттердің орнықтылығын бұзады. Жанама кернеулер әсерінен тау жыныстары деформацияланады, жылжу бет арқылы сырғанап опырылады және қирайды. Карьер кемерлерінің орнықтылығына тек тау жыныстарының беріктілік қаситетері ғана әсер етіп қоймай, Сурет 1-дегідей факторлар әсер етеді.

Карьер кемерлерінің жай-күйін аспаптық бақылаудың әдістеріне талдау жасау – қолданыстағы әдістерді әрі қарай жетілдіру қажеттігін көрсетеді, яғни дағдылы жабдықтармен қатар лазерлік сканерлеу, электронды тахеометрлерді, фотограмметрия, ғаламдық жерсеріктік жүйелер, заманауи ақпараттық технологиялар мен радарлық интерферометрияларды қолдануды қолға алуға әкеліп соғады.

Кен орнын игеру кезеңінде туындаған деформациялық процестер тау-кен жұмыстарын жүргізу үшін елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан да тау-кен өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін тектоникалық кернеу туралы ақпарат және жер қыртысының қозғалысы маңызды, қажетті элемент болып табылады. Мұндай ақпаратты алудың негізгі көзі маркшейдерлік-геодезиялық бақылау. Тау-кен кәсіпорындарында деформациялық процестерді зерттеу үшін жыл сайын жеткілікті жиі, ал кейбір жағдайларда үздіксіз мониторинг жүргізу қажеттілігі туындайды.[2]



Сурет 1 – Карьер кемерлерінің орнықтылығына әсер ететін факторлар

Дәстүрлі геодезия және маркшейдерия әдістері мұндай өлшеулерді жүргізуге және қауіпті геомеханикалық құбылыстарды болдырмау үшін қажетті кезеңділікпен өңделетін массивтердің үстіндегі жер бетінің жылжуы мен деформациясы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік бермейді. Қазіргі уақытта әзірленген GPS жүйесінің спутниктік геодезиялық технологиялары осындай өлшеулерді ерекше қиындықсыз жүргізуге мүмкіндік береді.[Сурет 2] Бұл әдістің басты артықшылығы жоғары өнімділігі мен далалық жұмыстарға кететін шығынның аздығы. Бұдан басқа, спутниктік геодезия әдістері, ең бастысы, мониторинг режимінде көлденең деформациялардың уақытша өзгерістерін анықтауға мүмкіндік беретін жалғыз әдіс болып табылады. Сондықтан, спутниктік навигациялық жүйелер ғылыми қолдану сатысынан өтіп, бүгінгі таңда кең ауқымды міндеттерді шешу кезінде пайдаланылады.



Сурет 2-Карьердегі GPS бақылаулар

Геомеханикалық мониторингтегі инновациялық әдістерді тағы да бір түрі – жербеті лазерлік сканерлеу. Карьер беткейлерін жоғары оптикалық лазерлік сканерлеу кәдімгі бақылауларды толықтыруға және зерттелетін объектінің беті бойынша деформацияларды бөлу туралы барынша толық және көрнекі түсінік алуға мүмкіндік береді.

Лазерлік сканерлеудің мақсаты карьер қиябеттерінде пайда болып бастаған жылжымалар мен опырылуларды дәл уақытында табу және күні бұрын ескерту, және де

өндіріс алаңында жұмыс аткаратын адамдардың өміріне қауіпті және кәсіпорнында экономикалық зиян келтіретін деформацияларға қарсы шараларды орындауға мүмкіндік туғызу. Осы айтылған деформациялардың пайда болып көріне бастауын тек алыстан бақылау аспаптарымен ғана тиімді түрде қадағалауға болады.

Лазерлік сканерлеудің тірек негіз бақылау станциясының жұмыс реперлерінің желісі және координаттары спутниктік бақылаулардың нәтижелері бойынша алдын ала анықталатын уақытша түсіру нүктелері болып табылады. Бұл уақытша нүктелер карьердің үш өлшемді бейнесін толық, нақты түрде алу үшін түсіріледі.[3]


Әрбір скан позициясынан алынған нүктелер бұлты бірыңғай координаталар жүйесіне біріктіріліп, нәтижесінде карьердің бірыңғай жоғары егжей-тегжейлі нүктелік үш өлшемді моделі қалыптасады. Интеграцияланған фотокамераның арқасында сканерлеумен бірге нысанның фототүсірілімі жүргізіледі, бұл құрылатын карьер моделін нақты түстерге бояуға мүмкіндік береді.

Карьер беткейлерінің орнықтылығын бақылауда лазерлік сканерлеу әдістерін енгізу, дәстүрлі бақылау нәтижелерін айтарлықтай толықтыруға және карьерлердің деформацияланған беткей көлемінің моделін алуға мүмкіндік береді. Осы жағдайда лазерлік сканерлеудің нәтижелерін қадағалау үшін карьер беткейлеріне салынған реперлерден алынған нәтижелермен салыстыру орындалады.

Салыстыру нәтижесінде борт учаскесі орнықты жағдайда екені, тұрақтылық коэффициенті n>1.3 немесе қаншалықты жағдайда деформацияланғаны анықталады.

Карьерлерде лазерлік сканерлеуді қолдану:

1. карьердің жоғары дәлдіктегі үш өлшемді моделін алуға;
2. маркшейдерлік графиктік құжаттарды жедел толықтыруға (оның ішінде қауіпті және қол жетімсіз учаскелерді);
3. орындалған тау-кен жұмыстарының көлемін жедел есептеуге;
4. Сурет 3-те көрсетілгендей карьер беткейлерінің орнықтылық картасын жасауға мүмкіндік береді.



Сурет 3- Карьер беткейлерінің орнықтылық картасы

Дәстүрлі маркшейдерлік бақылаулармен кешенді қолданылатын лазерлік сканерлеу әдісі карьерлер борттары мен үйінділердің деформацияланатын учаскелерінде маркшейдерлік жұмыстар мен аспаптық бақылау жүргізудің ең тиімді және қауіпсіз тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде жер бетінің горизонталь және вертикаль ығысуын анықтауда ғарыштық радиолокациялық интерферометрия әдістері кеңінен қолданылады, мұнда жер бетінен тараған радиосигнал амплитудасы мен фазасы тіркеледі.

ҒРИ-дің жер бетінің тігінен және жоспарлы деформациялануын мониторингілеуде басқа әдістерге қарағанда ең басты артықшылығы белгілі бір кезең уақытысында орын алған әр уақытта жасалған ғарыш түсірілімдері [үш, төрт] арасында болған рельефтің айырмашылығын тікелей өлшеуінде. [4]

Интерферометрикалық өңдеу нәтижесінде алынған жылжулар файлы зерттеліп отырған жер беті рельефінің түрлі табиғи және техногенді үдерістер нәтижесінде болған өзгерістерін көрсетеді.

Қорытынды. Кенорнындағы әлсіз аймақтарда геомеханикалық мониторинг жүргізудегі осы келтірілген инновациялық геодезиялық әдістерді қолдану, тау-кен жұмыстарын жүргізудегі қауіпсіздікті және тиімділікті арттырып қана қоймай, кенорнындағы жер бетінің ығысуының (жылжу) үздіксіз ситуациялық картасын құру арқылы, пайдалы қазындының қосымша қорларын алуға да септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. М.Б.Нұрпейісова. Геомеханика (Оқулық).-Алматы: РПБК «Дәуір», 2014.
2. В.Н.Захаров., В.В.Аршавский., А.В.Харченко. Мониторинг и прогноз техногенных геомеханических процессов в подрабатываемом массиве горных пород при отработке месторождений// Записки Горного института,- Санкт-Петербург – 2012г.
3. П.В.Кольцов., Ю.С.Иванов. Использование технологии лазерного сканирования в наблюдениях за деформациями бортов карьера.- Екатеринбург.
4. Н. Коли., У. Райх. Мониторинг устойчивости бортов с помощью усовершенствованной радиолакационной технологии.-Италия.

М.А. Танирбергенова., Г.М. Киргизбаева

Инновационные методы геотехнического мониторинга

Аннотация: В настоящее время разработка месторождений сопровождается сложными горно-геологическими, гидрогеологическими и тектоническими условиями. В таких условиях в недрах Земли появляются геомеханические процесы. В статье приводятся примеры внедрения инновационных методов ведения геомеханического мониторинга устойчивости горных пород и бортов карьера.

Ключевые слова: открытые горные разработка, борт карьера, устойчивость, геотехнический мониторинг, инновационные методы, сканер, радар.

M. A. Tanirbergenova., G. M. kirghizbaeva

Innovative methods of geotechnical monitoring

Abstract. Currently, the development of deposits is accompanied by complex geological, hydrogeological and tectonic conditions. In such conditions, geomechanical processes appear in the bowels of the Earth. The article provides examples of the introduction of innovative methods of conducting geomechanical monitoring of the stability of rocks and quarry sides.

Key words: open pit mining, board quarry, sustainability, geotechnical monitoring, innovative methods, scanner, radar.

УДК 528.4

Т.Турумбетов, докторант, О.Құрманбаев, доктор PhD, Қ.Дербісов,тьютер

Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қал.,turar.kz_star@mail.ru

Satbayev University, Алматы қал., derbisov.k@mail.ru

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Андатпа. *Мақала Жезқазған өңірінде игерілуі қолға алынған «ШығысСарыоба» мыс кен орны, оның тау-кен өндірісін дамытудағы атқара ролі жайлы ақпарат қарастырылған. Алып кен орнының геологиялық, қрылымдық және тектоникалық ерешеліктері келтірілген. Терең қабатта түзілген «ШығысСарыоба» мыс кен орнын сейсмикалық барлау кезінде қолданылатын геодезияның дағдылы және заманауи әдістері мен тәсілдеріне талдау жасалған. Сейсмикалық барлау жұмыстарында қолданылатын заманауи геодезиялық технологиялар қатарына GPS – өлшеулерін жүргізудің кешенді әдістемесі ұсынылған.*

Түйінді сөздер: м*ыс кен орны**, геологиялық карта, сеймикалық барлау, геодезия, геодезиялық қамтамасыздандыру, ғарыштық геодезия, әдістер, GPS өлшеулер.*

Кіріспе. Қазақтың қасиетті топырағы XX-ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы құзар шыңға ұқсайды. Аты аңызға айналған, жер қойнауының сиқырлы сырларын тамаша көрегендікпен аша білген, 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында аталып өткен, академик Қ.И.Сәтбаевттың туған күніне арналған «Сәтбаев оқулары-2020»да ғалымның ашып кеткен кенорындары жайлы айтпақпыз.


1942 жылы академик Қ.И.Сәтбаевқа «Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Ал, 1958 жылы орталық Қазақстанның жерасты қазба байлығының болжамды (металлогениялық) картаны жасаудағы дүниежүзілік геологиялық тәжрибеде бұрын-соңды болып көрмеген үздік еңбегі Лениндік сыйлық берілді. Қысқа мерзім ішінде Жезқазған –Ұлытау аймағындағы кен орындары туралы бірнеше еңбек жазды және де Қ,Сәтбаеевтың сол еңбегінің жемісін бүгінгі ұрпақ көріп отыр.

Негізгі мазмұны. Бүгінде кен орындарын игерудің соңғы жылдары аса күрделі геологиялық құрылымдық және терең қабаттарда орналасқан жағдайларда жүргізіліп жатқандығы мәлім. Соладың бірі Жыланды кен орны тобы қорына жататын «Сарыоба» кен орны. Бүгінде Жезқазған өңірінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге 25 млрд теңге қарастырылуда. Бұл өз кезегінде жер қойнауын пайдаланудың жаңа нәтижелерге жетіп, соның жемісі ретінде өңір жағдайының жақсаруына жол ашпақ. Экономикада туындаған күрделі ахуал мен қиындықтарға қарамастан, кен орындарының көкжиегі кеңейіп келеді, соның ішінде «Шығыс Сарыоба» мыс кенін игеру Сарыарқа өңірінде тау-кен жұмысын жандандырды[1].

Терең қабаттардан кен игеру, қазіргі кезде тау жыныстарының деформациялануы, жылжуы және олардың кернеулі күйлерінің өзгеруімен елеулі геодинамикалық процестердің туындауымен ерекшеленуде. Жер қойнауын кең көлемде игеру, әсіресе Орталық Қазақстан жағдайында геологиялық ортаның геодинамикалық режимі өзгереді. Кен орындарын игеру кезіндегі мұндай геодинамикалық процестердің әсерінен өте қолайсыз *технологиялық, экологиялық және экономикалық* салдарлар туындауы мүмкін.

Мұндай жағдайда, өңірдің геодинамикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни Орталық Қазақстанның «Шығыс Сарыоба», «Батыс Сарыоб», «Жаман Айбат», «Итауыз» сияқты кен орнының аумағында геодинамикалық полигон құрып, онда инновациялық аспаптар негізінде кешенді мониторинг жүргізу бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады.

Олардың ішінде Ұлытау ауданында Жезқазған кенішінен солтүстікке қарай 30-35 шақырым жерде орналасқан Сарыоба кен орны (Шығыс және Батыс) ерекше орын алады. Қ. И. Сәтпаевтың басшылығымен онда алғашқы геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілді. «Шығыс Сарыоба» кен орны Жезқазған кенішінің солтүстігінде 30-45 км жерде орналасқан. Жалпы кен алаңында 11 кен шоғыры анықталды, оның құрамында 109 кен денелері барланған ең ірі шоғыр Тасқұдық қабатында орайластырылған (сурет.1). Сонымен қатар, кен денелері көптеген дизъюнктивтік бұзылыстармен күрделенген және олар барлау жұмыстарын едәуір қиындата түседі[2].




Шартты белгілер:



1 -сурет. Кен шоғырларының біріктірілген контуры, тереңдігі +340 м-дейін

Кең алқапта және әртүрлі тереңдікте орналасқан кен орындарын игеруде геодезиялық негіздеме құру өте жауапты жұмыс болып есептеледі. Геодезиялық жұмыстармен қамтылатын алқаптың көлеміне, кен шоғырларының шашыранды орналасуына байланысты, әдеттегідей қайталап нивелирлеуге арналған «профильдік сызықтар» тәсілі емес, геодезиялық торап құрудың «бұталы» тәсілі ұсынылып отыр. Қатарымен бірнеше кен орындары және ұзақ уақыт игеріліп жатқан кезде геомеханикалық (техногендік) деформациялық процестермен қатар, геодинамикалық (эндогендік) процестер де дамуы мүмкін. Сол себептен, терең қабаттық кеншоғырларын игеру кезінде геодинамикалық полигон (ГДП) құрып, онда геодезиялық қайталап бақылау жұмыстары жүргізіледі (2-сурет).



2-сурет. Геодинамикалық полигон бақылау торабының құрылымдық сұлбасы

Кенорындарын игеру кезіндегі тау жыныстары мен жер бетінің жылжуын бақылаудың дәстүрлі әдістерінде горизонталь және вертикаль жылжулардың сипаттамаларын тек профильдік сызықтар бойынша ғана анықтауға мүмкіндік береді. Десек те, бұл мәліметтер жер қыртысы мен қойнауында жүріп жатқан техногендік және тектоникалық процестердің жігін ажырата алмайды, яғни геодезиялық және нивелирлік пункттер жылжуының алқаптық-кеңістіктік сипаты, 3D моделі алынбайды. Сондықтан, ГДП дағы қайталап геодезиялық бақылаулар жүргізу кезінде геодинамикалық және геомеханикалық процестер Жер қыртысының әртүрлі қабаттарында пайда болатынын, олардың жер бетінде кеңістіктік-уақытша көрінуінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін назарға алған жөн[3,4] .

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазіргі геодинамикалық және техногендік геомеханикалық процестердің параметрлерін зерделеуге байланысты геодезиялық есептерді шешудің негізгі тәсілдерінің бірі - табиғи геодинамикалық және техногендік геомеханикалық процестердің нәтижелерін алу үшін арнайы геодезиялық торап құру. Сондықтан, үлкен алқапты алып жатқан және терең қабаттарды арналасқан кен орындарын игерудегі геодинамикалық және геомеханических процестерді саралап зерттеу үшін кен орнында базалық(референтік), тірек (бастапқы) пен деформациялық геодезиялық және нивелирлік пункттерден тұратын торап құрудың жаңа әдісін ұсынамыз.

Базалық (референцтік) пункттер торабы аймақтың геодинамикалық жағдайын қамтамасыз ету және геодезиялық тірек пункттерін дамыту (жиілету) үшін қажет. Осыған байланысты, базалық (референцтік) пункттер кен орны шекарасы және кен қазудың әсер ету аймағынан тыс, сондай-ақ тектоникалық жарылымдардан қашық жерлерде орналастыу қажет және олар екіден кем болмауы керек.

Тірек (бастапқы) пункттерінің торабы - техногендік геомеханикалық және қазіргі заманғы геодинамикалық процестерді аймақтағы тектоникалық және кернеулі-деформациялық күй(КДК), сондай-ақ кен игерілетін алаптың геодинамикалық жағдайын бағалау үшін қажет. Мұндай тірек (бастапқы) пункттер ретінде кен орнында бар барлау немесе эксплуатациялық ұңғымаларды (жойылған немесе консервациялаудағы) пайдаланылу мүмкіндігі, өйткені ол ұңғымалардың тереңдігі кен шоғырларынан төмен.

Деформациялық пункттер торабы - техногендік геомеханикалық және қазіргі геодинамикалық процестерді бақылауға арналған. Мінекей осы жұмыстардың барлығы геодезиялық заманауи технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылады[5].

Қорытынды. Геология және тау-кен салаларында тұрған өзекті мәселелерге кен орындарын игерудің жаңа тәсілдерін, әдістері мен технологияларын әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Сондықтан да, минералдық ресурстарды басқару жүйесін дамытудың барлық кезеңдерінің қажетті құрамдас бөлігі жүргізілетін жұмыстардың дәлдігін және жер қойнауын пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін инновациялық геодезиялық сүйемелдеу болуға тиіс.

Әдебиеттер

1. Сатпаев К. И. Основные результаты комплексного геологического изучения и вопросы генезиса Джезказгана. Геология рудных месторождений, 1962, № 3.
2. Рабочий проект. Отработка месторождения «Восточная Сарыоба», Жезказганский проектный институт, 2007.
3. Нурпеисова М.Б., Кыргизбаева Г.М. Геомеханический мониторинг техногенных систем (монография). Германия: LAP LAMBERT, 2017.-114 с.
4. Турумбетов Т, Бексеитова Р., Курманбаев О. Геодезическое обоснование разведочных работ на месторождеии восточная Сарыоба. – Алматы: Вестник КазНИТУ , 2019. Вып.6. – С.25-29.
5. Бексеитова Р.Т., Жангулова Г.К., Турумбетов Т.А. Геодезические работы при сейсмической разведке месторождении. -Алматы: Горный журнал Казахстана, 2019, вып.11. - С.18-23.

Т.Турумбетов, О.Курманбаев, Қ.Дербисов

Геодезическое обоснование геологоразведочных работ

Аннотация. В статье представлены технические решения, позволяющие обеспечить безопасность работы при освоении запасов месторождения Центрального Казахстана, залегающих в сложных горно-геологических условиях. Обоснована геодезическая сеть, провордимых сейморазведочных работ на месторождении.

Ключевые слова: меднорудные месторождения, геология, структура, тектоника, сейсмческая разведка, годезичские съемки, спутниковые системы.

T.Turumbetov, O.Kurmanbayev, K.Derbisov

Geodetic substantiation of exploration

Abstract. The article presents technical solutions to ensure operational safety during the development of Central Kazakhstan field reserves, which occur in difficult mining and geological conditions. The geodetic network of provisional seismic surveys at the field has been substantiated.

Key words: copper ore deposits, geology, structure, tectonics, seismic exploration, Godezi surveys, satellite systems.

УДК 621.926: 622.7

А.А. Титов - доцент, канд. техн. наук
Института геотехнической механики им. Н.С. Полякова, Украина, г. Днепр,
alextitovalex77@gmail.com
Научный консультант – В.П. Надутый, профессор, д-р техн. наук
nadutyvp@gmail.com

ОБОСНОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ВАЛКОВЫХ ДРОБИЛОК С ВОЛНОВЫМ ПРОФИЛЕМ ДЛЯ МЕЛКОГО ДРОБЛЕНИЯ ПОРОД

Аннотация. *Проведена оценка возможности и эффективности использования дробилок с волновым профилем валков на третьей стадии дробления пород с пределом прочности на сжатие до 150 МПа взамен конусных дробилок КМД. Показана необходимость увеличения щели серийных валковых дробилок для повышения крупности втягиваемого куска материала без снижения технологической эффективности. Обоснован экономический эффект от внедрения модернизированных дробилок за счет повышения качества продуктов.*

Ключевые слова: *конусная дробилка, валковая дробилка, волновой профиль валка, лещадный кусок, разгрузочная щель, срок окупаемости.*

В циклах дробления горных пород традиционно на третьей стадии дробления применяют конусные дробилки мелкого дробления типа КМД. Они получают питание в виде кусков максимальной крупности порядка 40-110 мм и выдают продукты размером не более 10-70 мм. Такое оборудование отличается высокой производительностью и относительно низким износом рабочих поверхностей, что важно для переработки руд с пределом прочности на сжатие до 300 МПа. Однако, недостатки заключаются в высокой удельной стоимости дробилок, а также высоком выходе частиц лещадной формы, достигающим 20-30%, что снижает область применения продуктов в качестве строительного щебня, а также снижает эффективность классификации по крупности.

Традиционные серийные валковые дробилки с гладкими валками, по сравнению с конусными дробилками, имеют такие преимущества, как существенно более низкая удельная стоимость, проще конструкция и эксплуатация. Существенным преимуществом является меньший коэффициент закрупнения продукта, составляющий порядка 1,6 против 3,0-3,7 у дробилок КМД. Вместе с тем, существуют ограничения по пределу прочности пород на сжатие до 150 МПа, а также по размеру втягиваемого куска, который составляет не более 75 мм, что создает неудобства при их использовании в качестве основного оборудования на третьей стадии дробления с требуемыми максимальными крупностями не менее 80-100 мм. Кроме того, применение традиционных валковых дробилок не дает ощутимых преимуществ по сравнению с конусными в плане снижения лещадности.

Что касается ограничения предела прочности пород, добываемых на карьерах Украины, то часто их прочность не превышает 150 МПа, что позволяет использовать валковые дробилки. Это касается как гранитных залежей, например, Пекаршинский гранитный карьер в Житомирской области, Ольшаницкий гранитный карьер в Киевской области, так и некоторых базальтовых залежей, вмещающих железо, медь, титан и другие компоненты, например, Рафаловский базальтовый карьер, Ровенская область.

Максимальная крупность втягиваемого куска по паспорту серийных валковых дробилок составляет 1/20 от диаметра валка, что следует из формулы

$$d = \left(D + b_0\right)\sqrt{1 + f^2} - D\,, \qquad (3)$$

где D – диаметр валка; f – коэффициент трения породы об валок; b_0 - зазор между валками.

При этом берется во внимание достаточно малый минимально возможный размер щели, который составляет 0,15-0,25% от диаметра валка.

Если обеспечить основной режим работы дробилки с увеличенным размером щели b_0, то для максимального серийного диаметра валка 1500 мм можно выйти на цифры порядка d = 100 мм, что вполне приемлемо для третьей стадии дробления.

Дробилки с волновым профилем валков (рис.) резко снижают энергоемкость дробления и выход кусков лещадной и игольчатой формы.




Рисунок 3 – Схема валков с периодическим волновым профилем:
1 - бандаж; 2 - постоянный зазор; 3 - конические участки; 4 - скругления

Так, усилия дробления для кусков, которые зажимаются между соседними выступами и впадинами валков, снижаются в 4,5-6 раз, в случае если длина куска в три раза превосходит его толщину.

Определим экономическую целесообразность дробления гранита крупности -100+70 мм с использованием традиционной конусной дробилки типа КМД и дробилки с волновым профилем валков.

При дроблении гранита в дробилке КМД-1750Гр ориентировочно будет получено 15% щебня фракции -70+40 мм ценой 155 гривен за тонну, 35% фракции -40+20 мм ценой 155 грн/т, 30% фракции -20+10 мм ценой 205 грн/т, 15% фракции -10+5 мм ценой 235 грн/т и 5% отсева -5+0 мм ценой 50 грн/т. Средняя цена продукции составит 177 грн/т.

Производительность дробилки КМД-1750Гр с шириной щели порядка 20 мм составляет 230 т/ч, мощность двигателя – 160 кВт, цена дробилки составляет примерно 10,5 млн. грн.

При дроблении указанных фракций в валковой дробилке ДВ-15х6 с установленными волновыми валками и увеличенной до 35 мм шириной щели будет получен кубовидный щебень с 10% фракции -70+40 мм ценой 170 грн/т, 25% фракции -40+20 мм ценой 170 грн/т, 30% фракции -20+10 мм ценой 220 грн/т, 25% фракции -10+5 мм ценой 265 грн/т и 10% отсева -5+0 мм ценой 50 грн/т. Средняя цена продукции составит 197 грн/т.

Производительность дробилки ДВ-15х6 с увеличенной до 35 мм шириною щели составит примерно 110 т/ч, мощность двигателя – 55 кВт, цена дробилки с волновыми валками – 3,6 млн. грн.

Таким образом, дополнительная прибыль при использовании валковых дробилок с волновыми валками вместо конусных КМД составит 20 грн/т. При двухсменной работе в течении года (249 рабочих дней) годовая дополнительная прибыль составит 8,76 млн. грн. или 337 тыс. долларов США. Ориентировочный срок окупаемости новой дробилки ДВ-15х6 составляет не более 1 года. Для замены одной дробилки КМД-1750Гр требуется примерно две модернизированных дробилки ДВ-15х6, при этом расход энергии на дробление уменьшится.

Выводы:

1) Применение валковых дробилок с волновым профилем вместо конусных дробилок КМД на третьей стадии дробления горных пород с пределом прочности до 150 МПа целесообразно при условии обеспечения повышенной ширины выходной щели.

2) При этом снижается выход кусков лещадной формы, повышается выход мелких фракций взамен крупных, снижается энергопотребление.

3) Инвестиции на замену конусных дробилок КМД на валковые с волновым профилем имеют низкий срок окупаемости, за счет повышения качества продуктов дробления.

Литература

1. Андреев С.Е. , Перов В.А., Зверевич В.В. Дробление, измельчение и грохочение полезных ископаемых. 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Недра, 1980. – 415 с.

2. Ревнивцев В.И., Денисов Г.А., Зарогатский Л.П., Туркин В.Я. Вибрационная дезинтеграция твердых материалов. – М.: Недра, 1992. – 430 с.

3. Валкова дробарка: Пат. на корисну модель 132083 Україна. МПК B02C 4/02 (2006.01) / В.П. Надутий, О.О. Титов; власник НТУ «Дніпровська політехніка». – u 2018 09166; заявл. 06.09.2018; опубл. 11.02.2019, Бюл. № 3. – 3 с.: іл.

4. Tytov O.O. Analysis of mining rocks disintegration conditions in crushers having the wave profile of rolls // Modernization and engineering development of resource-saving technologies in mineral mining and processing: Multi-authored monograph. – Petrosani: Universitas Publishing, 2019. – P. 365-378.

А.А.Титов., Н.С. Полякова ., В.П. Надутый

Іріктірушілікті ұсынуға арналған кіріспен программасы мен өткізушіліктің тиімділігін қолдану

Аңдатпа. KMD конустық ұсатқыштарының орнына 150 МПа дейінгі қысымды беріктігі бар тау жыныстарын ұсақтаудың үшінші сатысында орамалардың толқындық профилі бар ұнтақтағыштарды пайдалану мүмкіндігі мен тиімділігі бағаланады. Технологиялық тиімділікті төмендетпестен алынатын материалдың көлемін ұлғайту үшін сериялық роликті ұсатқыштардың алшақтығын арттыру қажеттілігі көрсетілген. Жаңартылған ұнтақтағыштарды өнімнің сапасын жақсарту арқылы енгізудің экономикалық тиімділігі негізделген.

Түйін сөздер: конус үгіткіш, шиыршық ұсатқыш, орамның толқын профилі, сынғыш бөлік, разряд, өтелу мерзімі.

A. A. TitovInstitute., N. Poljakov, V.P. Nadutyi,

Substantiation of efficiency of roller crushers with wave profile usage for fine crushing of rocks

Abstract. The estimation of possibility and efficiency of usage of the crushers with wave profile of rolls instead of KMD cone crushers at the third crushing stage for rocks having compressive strength up to 150 MPa. The necessity of the gap value increase is shown for serial roller crushers in order to enhance the maximum size of pulled-in piece of material without decrease of technological efficiency. The economical effect of implementation of modernized crushers due to the products quality increase is substantiated.

Key words: cone crusher, roller crusher, wave profile of a roll, lamellar piece, discharge gap, payback period.

УДК [622.794:622.74-913.3:621.928.235].002.68(043.5)

А. И. Шевченко -старший научный сотрудник, канд. техн. наук,
Институт геотехнической механики НАН Украины, Украина, г. Днепр
alex-tpm@ukr.net

РАЗВИТИЕ НАУЧНЫХ ОСНОВ ПРОЦЕССА ОБЕЗВОЖИВАНИЯ И РАЗДЕЛЕНИЯ ПО КРУПНОСТИ НА ВИБРАЦИОННЫХ ГРОХОТАХ ТОНКОЗЕРНИСТОГО ТЕХНОГЕННОГО СЫРЬЯ

Аннотация. *Развиты научные основы виброударного обезвоживания и классификации по крупности на основе установленных закономерностей перемещения жидкости и частиц относительно друг друга и через классифицирующую поверхность при виброударном возбуждении в зависимости от свойств сырья, режимных и технологических параметров, конструктивных параметров виброударного грохота.*

Ключевые слова: *виброударное воздействие, обезвоживание, разделение по крупности, вероятность, марковский процесс.*

Актуальность работы связана с необходимостью повышения эффективности классификации и обезвоживания техногенного сырья, особенно при тонком и сверхтонком грохочении. Выбор рациональной технологии и оборудования для дообогащения техногенного сырья необходимо производить с учетом его свойств: гранулометрический состав, количество полезного компонента (например, количество углерода в классах) и отходов (количество золы в классах), влажность, наличие комкующих примесей (например, глины), крупность разделения и другие факторы. Действие влажности в основном определяется наличием капиллярной влаги. Влияние указанных факторов усиливается с уменьшением крупности разделения и увеличением содержания мелких (тонких) частиц, т.к. сырье, сформированное из них, удерживает значительные количества воды благодаря высокоразвитой поверхности частиц, активно взаимодействующей с водой, и действующим капиллярным силам. Пористость и проницаемость этих сред обычно низкая. С уменьшением крупности частиц увеличивается энергия связи жидкости с поверхностью твердого, т.е. сопротивление протеканию воды в поровом пространстве. Чем больше эта энергия, тем труднее жидкость отделить. Все эти факторы препятствуют обезвоживанию и разделению по крупности, затрудняют прохождение жидкости и мелких частиц через отверстия классифицирующей поверхности, в результате чего не удается снизить влажность конечного продукта до кондиционных норм. Обезвоживание минерального сырья на вибрационном грохоте происходит в результате прохождения жидкости через ее слой и отверстия просеивающей поверхности. При грохочении по классу, меньшему, чем капиллярная постоянная, этому процессу препятствуют силы поверхностного натяжения (капиллярные силы), действующие на границе фаз (в ячейках просеивающей поверхности и между частицами). Поэтому одна из основных трудностей при тонкой классификации и обезвоживании заключается в преодолении этих сил. Наличие воды в ячейках просеивающей поверхности, удерживаемой силами поверхностного натяжения, и застрявших частиц значительно снижает эффективность этих процессов. Надрешетный материал, находящийся на просеивающей поверхности, также уменьшает эффективность воздействия на частицы и воду, находящиеся в ее ячейках. Проведенный анализ в этой области показал, что для преодоления сил поверхностного натяжения и повышения эффективности обезвоживания и классификации по крупности представляется перспективным виброударное воздействие непосредственно по классифицирующей поверхности или через промежуточный элемент.На основе формулы Лапласа получены дифференциальные уравнения, описывающие

